

# К@ВКАЗИЯ

2007, N 1

тақырып: гендер және жаһандану

## М А З М Ұ Н Ы

Әлем	<b>ЖАЙ СТАТИСТИКА</b>
Әзербайджан	Теледидар біздің әйелдерді бұзады
Қырғызстан	Ол үйдегі тамаққа жауапты
Эстония	Жаныңды сақтап, жаһанданған ауылды құруға
Дания	Ұлтты иммигранттардан қорғау және ұлтшылдыққа түсіп кетпеу



«Кока-кола» үшін олар әйелдердің жұмысын жасауда, ол үшін бірақ өздері қиналмайды да. Оларды өз үйінің асханасының терезесін жуып беруді сұрасаңыз – оларда табиғи жаратылысы туралы сезімдері оянады.  
фото Полина Милорадович

Тбилистік жігіттер «Кока-кола» шатырын қатырып жуып жатыр. Тура осындай құрылыстар Мәскеуде, Бішкекте, Дели мен Бангкокта, Иерусалим мен Токиода тұр. Дүниежүзі бойынша белгілі тенттер. Кез-келген ауылда 100 шақты, төлемақы төлей алатын адамдар болса болды, сол жерде пайда болады. Қалғанын жарнаманың өзі-ақ жасайды.

Дүниежүзі бойынша ресурстарды соратын сорғылар орналасқан. Бірақ соның ішінде Кока-кола ең мықты емес. Ресми түрде демократиялық құндылықтар жарияланғанына қарамай олар сору жұмыстарын тоқтатпайды. Ал, шырмалу тұңғықта жатыр – солтүстік жаһаны мен оңтүстік жаһаны, шығыс пен батыс арасында.

Біз бұрынғыдай бай мен кедей, лайықты жұмысы бар және ешқандай жұмысы жоқ, ақ пен қара, дені сау мен әлсіз, жас пен кәрі, ересектер мен балалар полюсына бөлінеміз. Өрбір осы қарама-қарсы топ өз кезегінде еркек пен әйел болып теңсіз екі бөлікке бөлінеді.

Жер шарында әзірше ауа жеткілікті. Сонымен бірге су да бар, бірақ баршаға бірдей таза, әрі жеткілікті емес. Бұрынғыдай көп цинизм. Сөз бен іс арасындағы алшақтық көп. Әділдік туралы идея – бұл жақсы бетперде, оның артында сорғымен сору жалғасуда. Қазір осы бұрылыс қауіпті шама қабылдауда. Міне, әйел теңдігі туралы идея мен практика неге өзіне жол салуда.

Бұл тек қана әділдікке ұмтылған мыңдаған адамдардың күшінің жемісі ғана емес, сонымен бірге адамдар ресурсының дұрыс пайдалану сұрағы. Өйткені «екінші» жыныс белсендігісіз бүгінгі күні жаһандану мәдениеті мен, жаһандану эконмикасында мүмкін емес. Онда әйелдер белсенділігі неге күрес пен қиналыс тудырады? Біздердің бұл теңсіздігімізді дәлелдеуіміздің бірінші ғасыры емес.

Біздің цивилизация өте қызық. Ол көптен бері әлеуметтік белсенді әйелдерсіз өмір сүре алмайды. Бірақ олай болса, болсын дегендей күштеп түр көрсетіп станокқа, кафедра, министрлік портфельге жіберіп жеңілдік жасағансиды. Солай болса болсын, жұмыс істеңдер.

Ал цивилизация сиқырлы! Осы қулықтың соңында не тұр? Бұнда жай есеп жатыр - ол бізді екі рет қанау. Бірінші станок пен кафедрада, содан кейін үйде пеш жанында денсаулығың үшін жұмыс істе. Бірақ өзіңнің табиғи жаратылысыңды ұмытпағаны жөн!

Кешке қарай шаршаған мыңдаған әйелдер бір минутта терезе алдында үнсіз қалады. Кір жаятын жіпте бірдеңелер кеуіп тұр. Қандай да бір, сумен толтыру керек ыдыстарда тұр. Оларды кешкі астан кейін үйілген ыдыстар тосуда. Олар ыдыс жууға бармас бұрын күннің батуын көздерімен шығарып салады. Олар ертеңгі күннің оңай болмайтынын біледі.

# ЖАЙ СТАТИСТИКА

## ЕРЕКШЕ ПРОБЛЕМА КӨРМЕЙТІНДЕРГЕ.

Әлемдегі 70 % кедей адамдар - әйелдер.

Әйелдер жалпыәлемдік жұмыс уақытының үштен екі бөлігін атқарады, бірақ оларға кірістің **оныншы бөлігі** ғана тиеді.

Әйелдер әлемдегі тағамның **жартысын** өндіреді, бірақ оларға жердің **2 %-нан азы** тиесілі.

Әлемдегі әйелдердің әрбір **үшінші бөлігі** үйсіз немесе қолайсыз жағдайлы жерде өмір сүреді.

Әлемде **800 млн.** сауатсыз үлкендер бар, олардың **үштен екі бөлігі** - әйелдер.

Жыл сайын 5 жас пен 15 жас аралығындағы **2 млн.** қыздар жыныстық қызметтер рыногына түседі.

Әлемдегі ұрылған, зорланған немесе зорлық-зомбылықтың басқа түріне ұшырағандардың әрбір **үшіншісі әйелдер.**

Соғыс, рак, малярый немесе жол-транспорттық жағдайлардан гөрі, әйелдер үйдегі зорлықтан көп қайтыс болады. Бұл әйелдердің **жартысын** олардың қазіргі немесе бұрынғы партнерлары мен күйеулері өлтіреді.

Әлемде **әрбір минут** сайын екіқабаттылықтың ауырлағанынан бір әйел қайтыс болады.

*UNPEA мен құқық қорғау органдарының статистикасы.*



*фото Диана Петриашвили*

# SOS!

## дабыл дауысы

# АУЫСТЫРУ

8 Наурызда айналадағы бәрінің осылай бола қалғанын айтсайшы. Тамаша. Мереке әйелдер күші мен қарсылығы деп ойластырылып еді, ал қарама-қарсы бірдеңе шықты. Бұл күні тіпті ең табысты және дербес адамдардың өзі неге екені белгісіз Барби қуыршағын ойнайды. Және көбісін пальто беру мен гүл сыйлау проблемалары алаңдатады. Бұл әңгіме феминизм жайында болғанда. Құдайым-ау, алып берушілер мен сыйлаушылар қайда кеткен? Солардың әрқайсысында кезек деп ойлауға болады! Сандырақ тура! Және біз осы ақымақтыққа сатылып, феминист емеспіз деп дәлелдейміз. Көне бәріңдер, жалғастыра бәріңдер! Сыйлаудан жалықпаңыздар. Қарасаңыз – бұрынғыдай көнгіштер де жоқ. Оның орнына пайдалы жұмысты алып кетті, ресурстарды да тартып алды, карьера да – сен үшін емес. Нәтижесінде өз пальтоңды да ешкімнің көмегінсіз киесің. Өзіңе де сол керек, ақымақ болма.

Анна Доташвили,  
Тбилиси.



фото Дианы Петриашвили

Вафа Салех,  
Әзербайджан

**кім қолдайды, кім қолдамайды?**

# ТЕЛЕДИДАР біздің әйелдерді бұзады

және олар өздері  
туралы көп түсіне бастайды деп  
есептейді еркектер

Философтардың ойынша әлемдегі  
кезекті келіспеушілік себебі  
мәдениеттердің соқтығысуы болмақ.  
Әзербайджанда біз мұны әртүрлі  
жағдайлардан байқай бастадық.

Кейінгі кезде бізде «шетел сериалдарына тиым салу»  
керек. Олар біздің мәдениетке кері әсерін тигізуде»  
деген пікірлер жиі естілуде. Мен өзім танитын  
еркектерге «Нақты қандай жаман әсер?» деген сұрақ  
қойдым. Және олар, ашудан жарыла жаздап  
төмендегідей жауап берді.

- әзербайджан әйелі өз бетімен еркек көмегінсіз  
өмір сүре бастады;
- егер күйеуі әйеліне опасыздық жасаса, ешкім  
көзін жұма салмайды, ажырасуды талап етеді;
- әйелдер пәтерге заңдық құқықтары бар екенін  
түсінеді;
- әйелдер басшылық қызметтерге тырыса бастады;
- әйелдер көлік жүргізілері келеді;
- енді әйелдер шылым шеге бастады;
- енді оларға ана болу үшін еркекпен отбасын құру  
міндеті емес, және т.б.с.с.

Еркектер бұл жаһандандудың біздің мәдениетке тигізіп  
жатқан «кері әсерінің» бір бөлігі ғана деп ойлайды .  
Еркектер бұл жағдайға разы емес. Ал әйелдер өте риза,  
бұл оларға жаңа көкжиектер ашады. Бірақ жаңа даулар  
туғызатыны да шын.

Махбуба деген бір әйел біздің ұйымға отбасындағы  
зорлыққа байланысты келді. Ол өзінің үйінде кейінгі  
кезде үлкен проблема пайда болғанын айтты: күйеуі  
әйелінің қандайда болсын бір ақпарат алуына белсенді  
түрде кедергі келтіруде.

-Әйелдің құқықтары немесе басқа елдердегі әйелдер  
туралы бағдарлама немесе фильм көрейін деп  
отырсам, күйеуім басқа арнаға ауыстыруымды  
бұйырады. Ал егер қарсы келсем, ол: „Кеңес үкіметінде  
қалай жақсы еді, бірақ арна болатын. Және бәрі соны  
көретін. Ал қазір экраннан келген нәрсе біздің  
әйелдерімізді алып, отбасыларды бұзуда”...

Деп шыға келеді. Былай алып қарасаң күлкілі, бірақ  
оған емес. Біз офисымызға оның күйеуін шақырдық.  
Әңгіме кезінде 44-жастағы еркек өз айтқанынан  
қайтпады: шетел сериалдары оның әйелінің тәрбиесіне  
кері әсерін тигізуде, және бүкіл әзербайджан әйелдеріне  
де тұтастай. Әйел сол жақтағы өмірді көріп-бұрынғыдай  
өмір сүргісі келмейді, бостандықты қалайды деп  
ойлайды ол. Ал бұл біздің дәстүрімізге қарсы.

Біз онымен енді-енді әлемнің дамуы, жаңа заңдар мен  
дәстүрлердің дамуы туралы әңгімелеспек едік,  
ашуланған еркек офистан атып шықты. Бейшара  
Махбуба .

Бірақ бұл өмірде бәрі салыстырмалы. Біздің «Таза  
әлем» ұйымымыз Шешенстан, Иран, Ирак, Ауғаныстан  
және Пәкістан елдерінің қашқындар отбасымен зерттеу  
жүргізеді. Қашқын қыздар, әйелдер өз елдерінің  
дәстүрлеріне мүлдем риза емес, олардың ойынша  
әзербайджан әйелдеріне жеңіл, мұнда оларға көп  
бостандық» береді деп есептейді.

Фокус топта жұмыс істеген ,Ауғаныстан еркек-  
қашқындарының бірінің сөзін келтіре кетсек:

-Біздің дәстүрімізге сәйкес, біз өзіміздің отбасымыз  
туралы айта алмаймыз. Басқа да көп шектеулер бар.  
Қашқын болған жаман, өте жаман. Себебі басқа елде  
өмір сүру кезінде олардың мәдениеті бізге кері әсерін  
тигізеді.

Менің ойымша еркектерді түсіну қиын емес. Олардың өз  
биліктерін жоғалтуы , оларды қатты қорқытады.



фото Умида Ахметова

Нуржан Тілеуғабылова,  
Қырғызстан

## Ол үйдегі тамаққа жауапты, бірақ ол өзіне ең жақсы бөлігін алғанша, аштан өледі.

Сөзсіз, тамақ біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады. Дене дамуында да, әлеуметтік мағынада да. Барлық елдің әйелдері бүкіл тарихта тамақ өндіруге еркектерге қарағанда әлдеқайда жақын. Әлемдік тәжірибенің көрсетуінше, әйелдер тамақтың негізгі көлемін өндіріп, өңдейді. Көптеген феминисткалар бұл рөлді әйелдердің билігі деп қарастырады. Алайда көп жағдайда мұның қанау тәсілі екенін көрмеу мүмкін емес. Бұны әсіресе біздің қырғыз әйелдерінің мысалында анық байқауға болады. Бірнеше айтылған ойларды келтіріп кетсем деп едім:

-Анам маған жастайымнан жақсы тамақты әкем мен күйеуіме беру керек деп үйретті. Мен солай істеймін.  
(Анара, 36 жаста)

-Түсінбеймін, неге бізде, қырғыздарда, үстел басына шаңырақ иесіз, еркексіз отыруға болмайтынын. Ол келгенше, аштан қатуға болады! Мен бұны құрметтеу деп түсінемін. Бірақ басқаша да құрметтеуге болады ғой.

(Қыял, 19 жаста)

-Сен екіқабат болғаныңда саған бар жақсысын береді (күйеудің отбасы мен күйеудің өзі туралы айтылып тұр), бірақ баланы туған соң, мұның бәрі сап тыйылады. Мен не, адам емеспін ба?

(Мерим, 28 жаста)

-Еркек – бұл асыраушы, пайда табушы. Ол ең дәмді мен жақсысын жеу керек.

(Әсия, 73 жаста)

-Егер үйде дәмді бір нәрсе болса, мен күйеуім мен балаларыма қалдырамын. Мені солай үйретті.

(Әсел, 32 жаста)



Әйелдер еркектерге қарағанда жиі аш болады, кедей отбасыларында оларға тамақтың ең аз бөлігі тиеді. Олар отбасы, балалары үшін өздерінің денсаулықтарын құрбан етуге даяр. Бірақ, теориялық түрде, олар тамақ дайындап жүріп өзіне ең дәмді бөлігін алып қала алады. Алайда қандай әйел және ана оны өз күйеуі мен балаларына бермейді? Еркектерге көбінесе тамақтың ең дәмді және көп бөлігі тиеді.

Тамақ «қару» түрінде де пайдаланылады. Ол билік, басшылық күресінде құрал бола алады. Және керісінше билік жақсы тамқтануға көмектеседі. Бәріне белгілі, әлемде миллион адамдар ашығуда. Барлық елдің азаматтары өз экономикасын тамақпен қамтамасыз ете алатын күннің өзінде осылай. Бұлай болмаған жағдайда, қарап көрген жөн – мұның себептері тек экономикалық қана ма екен? Әрбір адам өз мәдениетіне сай дені сау, дәстүрлі тамаққа тұрақты түрде қол жеткізе алмаса, аш жүрсе, ол тәуелсіз, өзіне-өзі сенімді, қорғанған бола алмайды.

Жаһандану апологеттерінің айтуынша, жаһандану тамақ өндіруде жаңа технологиялар береді және оның көлемін ұлғайтады. Олардың ойынша аштарды тек жаһандану тамақтандыра алады.

Олардың сыншыларының мәлімдеуінше, жердегі аштық азық-түлік жетіспеушілігінің нәтижесі емес. Оны экономикалық, әлеуметтік және саяси себептердің жиынтығы шақырады. Әлемдегі аш адамдар – бұл жұмған қолда ұстаудың жақсы тәсілі. Бұл мағынада гуманитарлық көмек көп емес - бұл әлемдегі күштілерге ыңғайлы. Бұл олардың ұятына және олардың капиталдарына да ыңғайлы. Бірақ бұл проблеманы шешпейді, міне мәселе қайда.

Рақымшылық орнына аш адамдарға технологиялар мен тең түрдегі экономикалық даму қажет.



# SOS!

## дабыл дауысы

### СУДЫ САТҚЫЛАРЫ КЕЛЕДІ

Бұл сұрақ бізде жиі-жиі көтеріледі. Біздің суымызды пластик бөтелкесіне құятындай зауыттар салғысы келеді. Құдай бізді жақсы билікпен жолықтырмады, президенттеріміз де сәтті болмады. Бізде бары су, ауа және күн ғана. Енді судың өзіне қолдарын сала бастады.

*Нато Кереселидзе,  
Земо Бари ауылының крестьянкасы, Рача,  
Грузия.*



*фото Диана Петриашвили*



*фото Диана Петриашвили*

# SOS!

## дабыл дауысы

### МЕН НЕШЕ РЕТ ҚАШҚЫН БОЛУЫМ КЕРЕК?

Біз Тбилисиде Вокзал алаңында орналасқан «Маспидзели» қонақүйінде тұрамыз. Мекеме жартылай бұзылған, қараңғы дәліздер мен толған ылғал. Біз осында тұрамыз және аулада жағатын оттың жанында әзер-әзер жылынамыз. Біз Абхазиядан қашқанбыз. Нешінші жыл осы адам төзгісіз жағдайда өмір сүріп жатырмыз. Соғыс кезінде біз бәрін жоғалттық. Бірақ бүгін бізді осы мекемеден де қуып шықпақшы. Сондықтан суды жауып тастап, электр көзін қиып тастады.

Менің жақындарым күйеуім, ата-анам соғыс кезінде қайтыс болды, аман қалған жалғыз баламды Ресейде өсірдім. Бірақ бізді одан да қуып шықты. Ал жақында мен өзімнің қатты ауыратынымды білдім. Кімге бармасам да, ешкім назар салмайды. Қашқындар мен орналастыру жөніндегі министрдің қабылдауына бардым. Ол өзіме ұрысып кабинетінен қуып шықты.

*Кети Кварацхелия, күшпен жер аударылған тұлға,  
Тбилиси.*

# SOS!

дабыл дауысы

# ГЕНДЕРДІ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАЙ АЛМАЙТЫНДАР

Кейінгі бес жылда үлкен өзгерістер болды. Бұрын бұл сөзді білмейтін, ал қазір тіпті мұндай атпен мемлекеттік құрылымдар да пайда болды. Бір жағынан бұл жақсы, өйткені олар бар болса, оларға жұмыс істету ғана қалады. Бір жағынан бұл кеңестер мен комиссиялардың формальды боп қалатындығы туралы факт өкіңдіреді. Бұларсыз мемлекетті еуропалық бірлестіктерге қабылдамайды, бізге өзіміздің демократиялық мемлекет екенімізді көрсетуіміз қажет қой. Міне сіздерге гендерлік кеңес. Ал басына кімді қоямыз? Билік астындағы адамдар ыңғайлы, басқармалы. Мұндай жетекшінің гендерлік сауаттылығы назарға онша алынбайды. Міне енді ол ұятты әрі сұрқия іс көрсетіп тұр, және көп жағдайларда әйелдерге қарсы идеялар айтады. Менің ойымша, Еуропа формальды жаққа риза болмауы керек. Бір жағынан, әйелдер қозғалысы біріккен түрде мұндай орындарға өз адамдарын жылжыту керек.

*Роза Кухалашвили,  
Тбилиси.*



*фото Полина Милорадович*

## БАЛАЛАРДЫ ҚҰТҚАРУ – БІРАҚ ҚАЛАЙ?

# SOS!

дабыл дауысы

Менің 10 жастағы ұлым бар. Кока-кола, чипсыды ұнатады және компьютер ойындарының білгіші. Бұл ойындарда – қан мен зорлық, ал тамақ пен сусында – химикаттар мен түрлі қоқыстар. Мен өзіме оның балалығын өзгертемін, барлық си-диды лақтырамын, барлық қытырлақ зиянды тағамдардың қолдануын қойғызтамын деп талай рет сөз бердім. Бірақ бұл өте қиын екен. Бұл нәрселер барлық жерде бар, олармен жалғыз күресу мүмкін емес. Біреу өзіне миллиондар тапқысы келеді, ал мен осының бәрін біле тұра қарсы тұрып, баламды құтқара алмаймын.

*Любовь Черкизова,  
Киев*



Рута ПЕЛЬС,  
Эстония

# Жаныңды сақтап, жаһанданған ауылды құруға анаң мен әжең көмектеседі



фото Умида Ахмедова

Бұл әсіресе Еуроодақ елдеріне кірген соң байқалды. Еуроодақтың көптеген «бұрынғы» елдері осы күнге дейін жұмыс күшіне он жаңа мемлекеттерден қабылдаудың өтпелі кезеңін сақтап тұрса да, эстонжерліктер белсенді түрде Ирландия, Ұлыбритания және көршілес Финляндияға енуді үйренуде. Бұл экономикалық миграцияның гендерлік ерекшеліктері аса қызықты.

Финляндияға жұмысқа құрылысшылар мен жүргізушілер автобусының сапарға шығуына байланысты, Эстонияда да өзінің «ақ жесірлері» пайда болды. Ең жақсы жағдайда олар шығанақтың ар жағында жұмыс істеп жүрген күйеулерін демалыс күндері көреді, ал көбінесе 2-3 айда бір. Алайда эстондықтардан да көп жалақылар айырылысты ұмыттырып жібереді. Ирландияға соңғы жылы еркектер де, әйелдер де барады, кейбіреулері - бірнеше айға, ақша табу үшін, көбісі – бірнеше жылға. Жастар үйленіп, отбасын құрып, балалы болады, игілікке қарай ирландықтардың заңы жергілікті азаматтықты нәрестеге ғана емес, ата-аналарына да алуға рұқсат береді.

Ұқсас жағдай, Британияда да бар, бірақ экономикалық эмиграцияның бұл елде легальды деп белгілі бір бөлігін айтамыз. Ондаған делдалдық фирмалар тұманды Альбионда уақытша жұмыс ұсынады. Осы мүмкіндікті пайдаланып, көбісі тұрақтанып та қалады. Лондонда

Өз әйелдерін «ақ жесірлер» деп итальяндықтар, олардың күйеулері ақша табу үшін алыс елдерге аттанғанда атайды. Мұның соңы пиццериялар, спагеттерилер мен бүкіл әлемдегі итальяндық ресторандарға әкелді. Адамдарға орын ауыстыру әрқашан тән болған, бірақ барлық ұлттың ең жақсы үлесті іздеуіне арналған орын ауыстыру да жиі кездеседі. Жаһандану да жалпы миграцияға себеп болды: Африка мен Азия елдерінен адамдар тұрақты өмір сүруге Еуропа мен Америкаға көшуде, латиноамерикандықтар АҚШ жаққа жылжуда, бұрынғы КСРО тұрғындарын кез-келген жерде, тіпті планетадағы ең алыс жерде де кездестіруге болады. Эстонияны да атап өтпеуге болмайды. Егер кеңес үкіметі кезеңінде миграция саяси болса – адамдар орындарынан қысқартылып, Батысқа сендіру нәтижесінде барса, онда 90 жылдардың басынан миграция экономикалық бола бастады.

әлдеқашан өзіндік «эстондық колония» құрылған, мұнда өздерінің «таллиндік» және «нарвтық» қоғамдары бар.

Сол нарвитяндар мен Эстонияның орыстық солтүстік-шығысындағы тұрғындары, яғни шетелге кетуге «старттық» капиталдары жетпеген тұрғындар, Таллинға көшуде, көбісі эстон тілін оқып алып, фирмалар мен мекемелерде, отандарында карьераларын құруда. Бос орындарда қалаларға көшуші ауыл тұрғындары мен шетел иммигранттары толтыруда: поляктар құрылыс нарығын үйренген, украиндықтар судоремонтпен айналысуда, солтүстік-шығыста Ресейден дәрігерлерді құшақ жая қарсы алуда. Эстон қалаларында Африка, Азия және Латын Америкадан шыққан адамдарды кездестіру жиілеп барады. Ал ауылдар дәстүрлі ауыл шаруашылығымен бос қалуда. Біздің сөрелерден бізден алыс жерден жасалған тамақтар мен өнеркәсіп тауарларын көруге болады – дат және неміс майы, америка мен жаңазеландия еті, Испания мен Марокко жемістері. Экзотика. Жаһандану...

Кім бұдан ұтып, кім қиналуда? Бірінші кезекте, әмиян ұтуда. Бір жағынан, өзіне қажет нәрсені алған, ал көп жағдайда арзан және талап етпейтін жұмыс күшін пайдаланған жұмыс беруші әмияны. Екінші жағынан, жұмыс басты болған және отандағысынан көп ақша табатын нақты бір адам.

Сонда да, өзінің туған жерін әркім қиып кете алмайды. Бұл ұзақ әңгіме ететін немесе еске түсіріп айтып отыратын саяхат емес қой.

Бұл барлық қиындығы бар шын өмір. Сондай-ақ жұмысқа шақыру мен барып та, ешкім өзінің жұмыс беруші жақтан әділдік болатынына, сонымен қатар әлеуметтік қорғанысы болатынына кепілдік бере алмайды. Дәстүрлері бірнеше жыл қаланған және тұрғылықты халық жұмыстан айырылып қалуға қорқатын, шетелдіктердің келуіне байланысты мәдениеттік құндылықтарын жоғалтып алуға қорқатын жаңа елге сіңісу оңай емес. Сондай-ақ, бірден мынадай сұрақ туады: біржолата ену керек пе әлде жаңа мәдениетті ептеп қана білген жөн ба? Яғни, жаңа елді және ұлтты өзіңдікі сияқты қабылдаған жөн бе, немесе өзіңде туғаннан барды сақтап қалу керек пе?

Әрине, көшу – бұл үлкен стресс, көшкеннен гөрі өртеніп кеткен жақсы деп тегін айтпаған ғой. Осы жағдайда отбасы мүшелері және балалар қалай болады? Жаңа балабақшалар мен мектептер, жаңа тіл, жаңа әдет-ғұрыптар мен тамақ. Бала күндерінен қарым-қатынастың сабырлы түріне және транспортта тыныштыққа үйренген эстондықтарға шулы ирландықтармен оңай емес. Біздің планетамыз – жаһанданған ауыл деп жиі айтады. Бұның әрқайсысына көптеген мысал келтіруге болады. Бірақ тіпті осы жаһанданған орналасудың өзінде әркімнің өзінің туған

үйі, тілі, керемет мәдениеті болуы керек.

Отбасы қай жерде болмасын әйелдердің мұндағы рөлі керемет және үлкен. Ана мен әже мұндай отбасыларда шекаралас аймақ сияқты – жаңа мен бұрынғы, қатал сыртқы мен ыңғайлы ішкі арасындағы аймақ сияқты.

Халықтың жылжуына қарамастан көптеген ұлттар өз аттарын сақтайды: грузиндар, осетиндар, татарлар, армяндар, өзербайджандар Эстонияда да грузиндар, осетиндар, татарлар, армяндар, өзербайджандар боп қала бермек. Тіпті олар егер көшеде барлығы сияқты киініп, мемлекеттік тілде сөйлесе де, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, әсіресе ежелгі әшекеймен ұлттық асхана сияқты анасы мен әжесінен қалып дарыған нәрсе. Қазіргі уақыттағы жаһанданудың бар мәні, маңызы әлемнің бар бояуын қабылдай отырып, өз дербестігіңді сақтап қалу.

# SOS!

## дабыл дауысы

## ӨКІНІШТІ ЖӘНЕ ҚОРҚЫНЫШТ

Ұлты қазақ түпкілікті ауылдық қыз Астанаға жұмыс іздеп келіп, дос қызының пәтеріне орналасты. Бірінші түнде-ақ олардың үйіне бірнеше еркек келді. Дос қызы туған күнім және қонақ шақырдым деп алдады. Шын мәнінде бұлар құрылыс компаниясында жұмыс істейтін түрік ұлттының еркектері болатын. Олар қызды қорқытып, құжаттарын алып алған. Нақ осылай қыздарды ішкі треффикингке тартады. Бұның сызбасы оңай: ауылға қаладан келетін қыз бар. Ауыл қыздарының бағалауынша ол жақсы киінген, жақсы жұмысқа орналасқан және ауыл қыздарын жұмыс істеуге шақыра бастайды. Оған сеніп, сосын барады.

*Зиаш Ишмуханова, Қарағанды, Қазақстан.*

## ОЛ ТҰТҚЫННАН БОСАДЫ, БІРАҚ ҮЙІНДЕ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Менің танысым треффикинг құрбаны болды. Оны алдап, 2 жыл бойы күшпен ұстаған және үйде жұмыс істеуге мәжбүрлеген. Ол жақсы адамдардың арқасында сол жерден босап шығып, үйіне қайтып оралды. Қыздың отбасындағыларға бір оңбағандар суреттер көрсетіп, немен айналысқанын айтқан, ал үйіндегілер сол үшін жазасын береді. Бұған шыдай алмай әйел өзін өлтірді. Ал оның кінәсы неде еді?

(атымды атамаңыздар, Грузия).

Алма БЕКТУРГАНОВА-АНДЕРСЕН,

Дания

## бір қайықта

# ҰЛТТЫ ИММИГРАНТТАРДАН ҚОРҒАУ

## және ұлтшылдыққа түсіп кетпеу

мұны Дат Ұлттық Партиясының лидері қалай істемек?

Миграция өзінде әйелдерге күтпеген шақырулар тасуда. Осылай миграция еуропалық елдерде 80%-ға әйелдер бетімен өтуде. Және еуропалық елдердің өз шекарасын қорғау жөніндегі биліктің әрбәр жаңа қадамы бірінші кезектер әйелдерді. Олардың құқықтары мен мүмкіндіктері жөнінде барлық еуропалық елдерде «ұлт тазалығын қолдайтын партиялар бар. Бірақ Дат партиясы ғана билеу блогына кіреді және билікпен қоғамға өз ережелерін өте қатаң түсіндіреді. Қазір Данияның иммиграциялық заңы-еуропадағы ең қаталы, ол құқық қорғау ұйымдарынан бірнеше рет сын естіген. Эксперттердің ойынша партия лидері-Пия Кьерсгорд мемлекеттегі ықпалды адамдардың үшіншісі: ол рейтингте бүкіл халық сүйетін Данияны басқаратын королева Екінші Маргерттің өзінен озып кетті.

Пия Крьесгорд біздің сұрақтарға жауап беруге келісім берді.

- Сізді партияңызды ұлттық деп атайтыны ренжіте ме?

- Мен бар жан күшіммен бұл эпитеттерді қабылдамауға тырысамын. Біз иммигранттардың Дания ережелеріне жүгінуін ғана талап етеміз. Біз кішкене мемлекетпіз және жаһандану ғасырында өзіміздің біртұтастығымызды жоғалтқымыз келмейді.

- Сіздер мұсылмандық тамыры бар иммигранттарды жеке топқа бөлесіздер. Неге?

- Ислам проблемалар туғызады. Әрине, мұсылмандар интеграциясының табысты жақтары да бар, бірақ жалпы көрініс көз тоярықтай емес. Және тек Данияда ғана емес. Бұл мүлдем басқа мәдениет, басқа дін, басқа тәрбие. Біздің мәдениетіміз бір-бірінен алшақ. Жай ғана мысал: мұсылман балалары дат балаларымен қатар шараларға қатыса алмайды, олардың қыздары саяхаттарға бара алмайды, оларға ата-аналары рұқсат бермейді. Әйелдері төрт қабырғада ішінде отырады, оларға өздері тұратын қоғамдағылармен араласуға, сөйлесуге болмайды. Менің ойымша мұсылман дініндегі әйелдер құқығы шектелген. Және бұл шектеуді біз өзіміздің батыстың еркін қоғамымызда қабылдай алмаймыз.

- Сіз пікіріңізді осылай ашық айтуға қорықпайсыз ба?

- 80-жылдардың ортасында бұл проблеманы алғаш көтерген саясаткерлердің бірі мен едім. Мен ылғи осылай айттым, айтамын және айтататын боламын. Бұл менің пікірім және ұстанымым. Қазір енді басқа саясаткерлер де өз пікірлерін айта бастады. Бұны 80-жылдар ортасында елестету мүмкін емес еді. Қазір ғана бұл сұрақтың күн тәртібінде тұрған мәселе екенің және оны міндетті түрде шешу керек екенің көбісі ұғынды.

- Сіз Дания азаматтығын алу туралы жаңа ережелерден кейін болатын кереғар нәтижелер туралы ойладыңыз ба? Бұл әсіресе әйелдерге ауыр соққы болып тиеді, өйткені олар жеті жыл күйеуіне тәуелді болуға міндетті. Күйеуі кез келген уақытта Даниядан әйелін басқа елге қайтарып алады?

- Басқа елге көшу үшін төлейтін ақының бағасын қабылдау керек.



фото Умида Ахмедова

- Дат Ұлттық Партиясының депутаттығына кандидаттар құрамында да бір шетелдік жоқ. Бұл сіздің партияларыңызды принципиалдық ұстанымы ма?

- Бірінші кезекте сіздер мұны сол шетелдіктердің өздерінен сұраңыздар. Сонымен қатар, біздің партияның мүшесі тек Дания азаматы ғана бола алады. Мен болашақта шетелдіктер де бізден кандидат болады алады деп есептеймін.

- Сіздерге көбіне жағдайы төмен, сондай-ақ ауылдық жерлердің адамдары дауыс береді деген пікірлер ренжітпей ме? Көбіне, Дат Ұлттық Партиясында мамандығы жоғары адамдар 3-ақ пайыз деп айтып жатады.

- Бізде мамандығы төмен адамдар саны көп болуы әбден мүмкін. Бірақ онда тұрған не бар? Мен адамдарды белгілі бір шектеуге еңгізіп қоюды снобизм деп есептеймін. Мысалы: Саясаттық спектрде ДҰП-ны оңға, солға немесе ортаға кою қиын. Иммиграциялық өрісте бізде қатаң, ал әлеуметтік және салықтық өрісте – жұмсақ саясат бар. Бізді шыншыл партия деп атауға болмайды. Шыншыл партиялар либералдық

идеяларды ұстанып, әрбір өз проблемаларын өздері шешуі керек. Ал біз әлеуметтік кепілдемелерді жақтаймыз ғой.

-Сіздің саясаттық өміріңізде, сіздің әйел болғаңыңыз кедергі келтірген жоқ па?

-Шындығын айтуым керек, менің саясаттық өмірімде мені көп жазды да, абыройымды да төкті. Мен егер еркек болсам мен туралы және менің бетіме ештене айтпаушы еді деп ойлаймын. Мен солай ойлаймын. Маған айтқан және мен туралы айтқан жаман сөздердің шегі болған жоқ. Мен еркек болсам, маған мүлем басқадай қараушы еді деп ойлаймын.

-Саясат пен отбасылық өмірді қатар алып жүру қиын ба? Егер иә десеңіз, бұл еркектерге де, әйелдерге де қиын ба, әлде әсіресе әйелге қиын ба?

-Мен саясаттағы карьерамды бастағанда балаларым әжептәуір үлкен болды. Менің ойымша кішкентай балалары бар әйелдерге саясатта шынын да қиын. Әсіресе партиядағы бірінші адамға. Күйеуім мені ерқашан қолдады. Бірақ, мен балаларым кішкентай болса осы жасағанымды жасай алмайтын едім. Кейбіреулер мұны жасай алады, бірақ олар осының бәрін қалай ұйымдастырады екен. Менің ойымша оларды ерқашан ұят қысады және бұл өте жаман.

- Қазір дат әйелдерінде еркектерден айырмашылығы бар проблемалары бар ма?

- Мен олай есептемеймін. Бізде дамыған либералды қоғам. Еркектер мен әйелдер тең. Менің ойымша, олар бір-бірін адекватты қабылдайды.

- Өз отбасыңыз туралы не айтасыз?

- Мен отбасымдағы бірінші саясаткермін және кеш бастадым. Менің ата-анам мені қолдайды. Менің екі үлкен балам және үш немерем бар. Маған жиі ұрсып немесе сынап жатқанда оларда алаңдайды. Бірақ менің балаларым ешқашан саясаткер болмайды – олардың қызығушылықтары мүлдем басқа. Бұл мен үшін пайдалы және жағымды – балаларыммен саясатты емес, басқа проблемаларды айтамыз. Бұл менің өмірімнің ең үлкен маңызды бөлігі.



Пия Крьесгорд

фото Алма Бектурганова-Андерсен

## ... Ал бізге күлсек

*Түрікмен ауылдық тойында мен бір әңгіме естіп қалдым:*

- Білесің бе, Шекер, әлем төңкеріліп түсті, егер түрікмен қызы шетелдікке күйеуге шықса.

- Иә, Алтын, сен дұрыс айтасың, біздің кезімізде қыз тіпті көрші ауданға күйеуге шыға алмайтын. Ал қазір Германияға да, Америкаға да кетуде. Ал Мая ше, біздің Мая, білесің бе, өзінің Ганцын қайдан кездестірді. Тырнеттен дейді.

- Ал ол қалай?

- Өзім де білмеймін, жиендерім тырнет деген теледидар сияқты кампутер деп түсіндірді, бірақ онымен телефонмен сияқты сөйлесуге болады.

- Қара, міне тойға дейін сөйлесіп те алды... Егер мен оның ата-анасының орнында болсам көршілерге қарауға ұят болушы еді.

*Тойда болып, естіп қойған Алтын Ахмедова, Ашхабад.*

#### Редакция құрамы:

Галина ПЕТРИАШВИЛИ (бас редактор), Грузия  
(+99599 90 11 24, galapet@ip.osgf.ge)  
Цицино ДЖУЛУХИДЗЕ (грузиндік нұсқаның редакторы), Грузия  
(+99599 92 32 67, cicoju@rambler.ru)  
Баян АЛИЕВА және Владислав КИМ (қазақ нұсқаның редакторылар), Қазақстан  
(+73212 75 57 35, asip\_krg@nursat.kz, vlad\_and\_k@mail.ru)

#### Нөмірде жұмыс істегендер:

Вафа САЛЕХ, Әзербайджан;  
Алма БЕКТУРГАНОВА-АҢДЕРСЕН, Дания;  
Нұржан ТӨЛЕУҒАБЫЛОВА, Қырғызстан;  
Тинатин МЖАВАНДЗЕ, Грузия;  
Рута ПЕЛЬС, Эстония;  
Тамара ОВНАТАНЯН, Армения;  
Роза КУХАЛАШВИЛИ, Грузия;  
Диана ПЕТРИАШВИЛИ, Грузия;  
Алтын АХМЕДОВА, Түркменстан

#### Фото:

Полина МИЛОРАДОВИЧ, Грузия;  
Диана ПЕТРИАШВИЛИ, Грузия;  
Умида АХМЕДОВА, Өзбекстан;  
Нұржан ТӨЛЕУҒАБЫЛОВА, Қырғызстан;  
Марат БЕКТУРГАНОВ, Дания;  
Алексей СМУЛЬСКИЙ, Эстония

#### Дизайн:

«ГендерМедиаКавказ» Ассоциациясының  
дизайн-тобы (Грузия)

#### К@вкАзия журналы

ma  
ma  
cash

Халықаралық коалиция

**КавкАзия**

Редакция журналдың таратылуына немесе оның жеке мәтіндері мен суреттерінің қолданылуына қарсы емес.  
Редакцияға міндетті түрде басылым мен авторға сілтеме жіберген жағдайда.



**ГендерМедиаКавказ**

Журналистерінің Ассоциациясы

[www.gms.ge](http://www.gms.ge)

<http://spaces.msn.com/GMS-Georgia/>

Грузия, 0103, Тбилиси, Иорская көшесі, №17 үй.  
Тел./факс (995 32) 77 60 18; (995 99) 90 11 24  
e-mail galapet@ip.osgf.ge